

Академик

ISSN 1694-7118

КЫРГЫЗ ТИЛИ ЖАНА АДАБИЯТЫ:

ОКУТУУНУН ИННОВАЦИЯЛЫК ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

ИЛИМИЙ - МЕТОДИКАЛЫК ЖУРНАЛ



*Гүл бакчада гүл түбөлүк эместир,
Түбөлүк гүл сен калтырган ак иштер
А. Навои*

МАЗМУНУ

Л.А. Абдырахманов	
Билим берүү идеологиясы. Билим берүү саясаты	3
Л.А. Абдырахманов	
Кыргызстандагы билим берүүнүн сапатын көзөмөлдөө жана жакшыртуу маселелери.....	9
С. Байгазиев	
Антрапедагогика же меримдүү этиканын жаратмандык күчү	11
Л.А. Конурбаев	
Кыргыз мамлекеттинин жана мамлекеттик тилдин абалы	18
С. Байгазиев	
Ата-эне менен баланын ортосундагы гармония жөнүндө Манас осут	21
А. Жаманаков	
Окуучунун сабакка көңүл бөлүгүсүн, кызыгуусун системалаштыруу	30
Ж.А.Чыманов	
Кыргыз тили сабагында кеп маданиятын үйрөтүүнүн айрым маселелери	31
М. Колдошев	
Манастын төрөлүүсүнө байланыштуу сүйүнчүлөө жөрөлгөсүнүн таалим-тарбиялыш өнүтү	36
Л. Беркбаев	
Элдик мурастарга кылдай мамиле жасоо шарт	39
Мира Ибраева	
Интерактивдүү ыкмаларды окутуунун абалын жакшыртуунун негизи	40
Юртсевер Карасой	
Элдик жомоктордогу ақыл-эс тарбиясы	43
Н.Р. Суранова	
Текст – кыргыз тили сабагынын тарбиялыш максатын ишке ашыруунун каражаты	47
Н.Р. Суранова	
Лирикалык чыгармалар кыргыз тили сабагында	49
Н.Р. Суранова	
Кыргыз тили сабагында текст менен иштөөнүн айрым жолдору	52
Н.Р. Суранова	
Колледждерде кыргыз тили сабагынын тарбиялыш максатын ишке ашыруунун жалпы маселелери	54
Г. Т. Ерсүлтанова	
Поэзиядағы үйқас жөнінде.....	57
Е.Ә.Солтанбекова, Ш.К Акимкожаева	
Кәсіби бағдарлы оқытуудың өзекті мәселелері.....	62
Л.Б. Бегалиева	
Бір тәуліктегі шақтық ұғымды білдіретін синонимдік қатарлар	67
Д. М. Диясова , Д. Б. Омарбай	
Іскерлік әдебінің тұжырымдамалары және оның алатын орны	70
К.Д. Тенізбаева, Г.А. Турар	
Қазақ халқының рухани мәдениетінің қалыптасуы	72
Кадиша Турарова	
Тілдік қатынас құзіреттілігін қалыптастыру міндеттері	75

жүйесіндегі үйқас дыбысына байланысты (толымды, толымсыз, бай, жалаң), өлеңдегі орын тәртібіне байланысты (басқы, ішкі, аяққы үйқас), құрамы бойынша (жай және күрделі), клазуланың қандай дыбысқа тынуына байланысты (дауысты, дауыссыз, шолак дауысты), клазулалардың өзара ретпен үйқасуына байланысты қазақ поэзиясында жалпы 8 түрлі үйқас бар, силлабо-тоникалық өлең жүйесінде де дыбысына байланысты (толымды, толымсыз, бай, жалаң), өлеңдегі орын тәртібіне байланысты (басқы, ішкі, аяққы үйқас), құрамы бойынша (жай және күрделі), клазуладағы екпінге байланысты (аталық, аналық, дактильдік және гипердактильдік), құрамы бойынша (жай және күрделі), клазулалардың өзара ретпен үйқасуына байланысты негізгі үш түрі жи қолданылады. Бұдан шығатын қорытынды екі жүйеге ортақ үйқастың қасиеттері де, бір-бірінен айырмашылығын анық анғартатын қасиеттері де бар. Сонымен қатар үйқас өлеңде тек дыбыс қайталау немесе дыбыстардағы сәйкестік қана емес, ол өлеңнің мағынасын мың құбылтып, түрлі мағына беретін фонетикалық стилистикалық әдіс-тәсіл.

Әдебиеттер:

1. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. Алматы. Жазушы.1973, 268 б.
2. Қабдолов З. Сөз өнері.Алматы. Сатн.2002, 300 б.
- 3.Холшевников Е. Основы стиховедения. М.:Академия. 2002, 208 с.
- 4.Квятковский А. Поэтический словарь. М. Сов.Энциклопед. 1966, 339 с.
5. Негимов С. Өлең өрімі. Алматы. Фылым. 1980, 136 б.
- 6.Скребнев Ю.М. Основы стилистики английского языка. М.: ООО «Издательство Астрель»:ООО «Издательство ACT»2003, 221с.
- 7.Абрамович Г.Л.Введение в литературоведение. М. Высшая школа.1976, 400 с.
- 8.Арнольд И.В. Стилистика современного английского языка. Л. Просвещение. 1981, 295 с.
9. GalperinI. R. Stylistics. Moscow. Higher school.1977, 332 p.
10. К. Жұмалиев. Әдебиет теориясы 285 б.

F.Ә.Солтанбекова,

ф.г.к., доцент,

Ш.К.Акимқожаева,

ага оқытышысы,

Халықаралық Бизнес Академиясы, Қазақстан, Алматы

КӘСІБИ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРИ

Біз бүгін тіл саясатындағы жаңа талаптарды ескере отырып, мемлекеттік қызметшілерге (негізінен жоғары білімі бар ересектер топташы; қазақ тілін ресми қарым-қатынас құралы ретінде қолдануга мүдделі топтар) мемлекеттік тілде кәсіби бағдарлы білім берудің бірқатар проблемаларын сөз етпекшіміз; ұсыныстар мен пікірлер оқытушылар мен әдістемешілердің біліктілігін арттыру жұмыстарына қатысты болмақшы.

Қазақстан Республикасы президентінің 2001 жылғы 7 акпаңдағы № 550 Жарлығымен бекітілген «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» «...мемлекеттік тілдің мемлекеттік басқару тілі ретінде қолданылуын қамтамасыз ету...қажет»; «... мемлекеттік тілдің

мемлекеттік органдар жүйесінде қолданылу аясын одан әрі кенейту кадрлардың тиісті тіл даярлығын талап етеді, ол уақыт өте келе біліктілік талаптары мен қызметтік міндеттеріне қарамастан мемлекеттік қызметшілердің күллі санаттары үшін міндетті болуга тиіс» деп көрсетілген. Ең алдымен осы тұжырымдардағы қазақ тілі – мемлекеттік басқару тілі және кадрлардың тиісті тіл даярлығы деген сөз орамдарына баса назар аудартамыз. Осы аталған талаптарға сәйкес үйренуші алған білімінің нәтижесінде қазақ тілінде кез келген ситуацияда, әсіресе ресми-іскери қарым-қатынастар мен сұрақ-жауап алмасу кезінде еркін сұқбаатасатындей, тындалым арқылы берілеті ақпаратты кедергісіз түсінетіндей, анықтама пікір, хабарлама жаза алатындей, қазақ әдеб

тілі стильдерінің айырым белгілерін ажыратада алатындаң деңгейде болуы керек. Әрине, бұл ретте өзге үлт өкілдері немесе орта білімді орыс тілінде алған адам қазақ тілінің «нағыз иесі; төл иесі» («носитель языка» деген мағынада шартты түрде алып отырмыз. – А.А.); тілді жетік менгерген адам, координативті қостілді адам болуы тиіс деген түсінік тұмаса керек. Бұл сатыға жетуде әр адамның ұзақ ізденісі, талпынысы, тілге деген сүйіспеншілігі мен уәждемесі керек екендігі мәлім.

Тағы да бір ұғымның мәртебесі (статусы) тұрғысында айта кетеміз. Алғашқы жылдарда мекемелер мен ұйымдардағы ересектер тобын оқыту курстары деген ұғым қазір заннамалық құжаттарда мемлекеттік қызметшілер үшін қазақ тілін оқыту курстары деген ұғыммен ауыстырылды. Бұл жайт та қазақ тілін осы аталған топқа үйретіп-оқытудың қаншалықты маңызды екенин көрсетеді.

Алайда мәселе өзекті болғанымен, республикадағы мемлекеттік қызметшілерді қазақ тіліне оқытудың бүгінге дейін оқытушы-әдіstemеші негіз етіп алатындаң нақты бір жүйесі жасалмағаны байқалады.

Оқытудың жүйесі, оқытуға жүйелі тұрғыдан келу деген түсініктің аясына:

- оқытудың мақсаты;
- оқытудың міндеттері;
- оқытудың үдерісі;
- оқытудың ұстанымдары;
- оқытудың әдістері;
- ұйымдастыру формалары;
- оқытудың құралдары

деген компоненттер енетіні баршамызға белгілі.

Міне, осы аталғандар, көптеген тәжірибелерге қарағанда, бірізді қалыпқа түспей, әлі де шашыраңқы сипатта болып келеді. Ұйымдастыру формалары дегенді нақтылай түссең, ең алдымен сағат санын және сабактардың өткізілетін уақытын айтуда тиіспіз. Бұлардың оқытудың жалпы принциптеріне сәйкес келмейтіндігі (сабактар аптасына бір немесе екі рет; пегізгі жұмыстан кейінгі уақыттарда) үйренушінің де, оқытушының да ынтасын-стимулын төмendetіп, сайып келгенде, білім алушың нәтижесінің бәсек болып шығуына әсер етіп отыр.

Оқытушы-әдіstemешілердің алдында мемлекеттік қызметшілерді оқытуға арналған

лингводидактикалық база жасау мәселесі де тұр. Бұл ретте әрбір мекемелердегі, ұйымдардағы мемлекеттік қызметшілерге арнап, оқытушылардың өздері құрастырган оку құралдары бар, дегенмен ортақ, бірізді әдіstemеге негізделген, негізгі құрал ретінде ұсынуға болатын окулық қажет пе, жоқ па деген саял туындейды.

Осындағы негізгі проблемалар Қазақстанда бүгінгі қалыптастып отырған тілдік ахуалды, қазақ тілін оқытудың жай-күйіне байланысты стратегиялық талаптарды ескере отырып мәселенің өзекті жақтарын алға шығарады.

Жалпы алғанда, оқытудың жүйесіне ашықтық (открытость) тән; бұл – оқытудың жүйесі ұдайы даму үстінде болады; оқытудың жүйесіне қогамдық-саяси өзгерістер әсер етеді, сөйтіп, оқытудың мақсаты мен міндеттері өзгеріп, жаңарып отырады деген сөз. Осы тұрғыдан келгенде, мемлекеттік қызметшілерді оқытудың басты бағдарлары өзгерді деп есептегуге болады. Қазір қазақ тілін білетіндердің (өзге үлт өкілдері мен базалық білімі орыс тілі болып есептелетіндердің арасында; республика тұрғындарының арасалмағын есептегендеге) сандық-сапалық көрсеткіштері жаңаша сипатта. Қазақстан Республикасы Статистика жөніндегі агенттігінің 2002 жылғы 1 кантардағы мәліметі бойынша «ел тұрғындарының жартысынан астамы мемлекеттік тілді біледі» (кейінгі бес жылда бұл көрсеткіш едәуір жоғарылағаны даусыз). Бұндай факторлар мемлекеттік қызметшілерді оқыту жүйесінің құрылымы мен мазмұнына жаңаша қараша көректігіне ой тастайды. Сондықтан мемлекеттік қызметшілерді деңгейге бөле отырып, жоғары деңгейге топтасатындарға (бұл топта қазақ тілін біршама еркін, тілді ресми-әскери қарым-қатынаста қолдануға сұраныс жасап отырған үйренушілер шоғырлануға тиіс) кәсіби бағдарлы оқыту курстарының жаңаша құрылымы мен мазмұны ойластырылғаны жөн. Құрылымы тұрғысынан келгенде, «Қазақ тіліндегі ресми іс қағаздары курсы» тақырыбы бойынша семинар-тренинг ұйымдастыруға болады деп есептейміз. Бұндай семинардан ең алдымен оқытушылардың өздері дәрістер алуы жөн. Өйткені қазірдің өзінде қазақ тілінде жазылатын (аударылатын) мындан астам ресми құжаттың түрлері және олардың реквизиттері,

қалыптастан нысандары, стильдік белгілері, емделік ерекшеліктері бар. Орыс тілінде ресми құжаттардың барлық ерекшеліктерін қамтитын ГСДОУ (Государственная система документационного обеспечения управления) және Типтік Нұсқаулық жасалған. Бұндай құралдар, яғни қазақ тілінің стильдік заңдылықтары ескерілген, реквизиттері нақты көрсетілген, ресми құжаттар топтастырылыған көмекші құралдар қазақ тілінде жоқтың қасы. Ілгерікте шықкан «Екі тілде іс жүргізу. Сөздік-анықтамалық» деген кітапшада бірқатар айырым белгілер ұсынылған болатын, бірақ бұл енбек әдістемелік тұрғыдан құрылмағандықтан, оқытуышылардың көпшілігі пайдалана бермейді. Қолға ұстарлық, даяр типтік нұсқаулықтар жоқ болғанымен, практиканың өзі, қазақ әдеби жазба тілі ресми құжаттарды реттеудің, ресімдеудің бірізді сипаттарын қалыптастырып отыр. Осылан байланысты оқытуышылар семинар-тренингтен өту барысында ресми құжаттарға тән стиЛЬдік, емделік белгілерді нақтылап алғып барып, жоғары деңгей үйренушілеріне де семинарлар өткізе алады. Жоғары деңгейдегілер үшін дағдылы әдіс-тәсілдер негізінде лексикалық-грамматикалық материалдарды тәптіштеп жатпай-ак ресми іс қағаздарын қалай сауатты жазуға қысқамерзімді курстар ұйымдастыру барысында дағылданыруға болады. Бұндай курстарды әрі кеткенде 10 күнге (2 апта; бір аптада шамамен 16-20 сағат; сағаттың әркайсысы 80 минуттан) жоспарлау тиімді. Бұндай сабактар үшін «Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілер жинағы» (ПУАЖ), басқа да нормативті актілер жарияланатын құжаттар оқу-әдістемелік база бола алады. Оларда ресми құжаттың күрделі түрлеріне тән лексикалық-грамматикалық ерекшеліктердің баршысы да қамтылады.

Оқытуудың мазмұны тұрғысынан келгенде, берілетін лексикалық материалдарды күрделендірудің кезеңі жетті. Мемлекеттік қызметшілердің кәсіби бағдарлы оқытуудың маңызды аспектісінің бірі – ресми іс қағаздары болса, екінші бір тұсы – қазақ әдеби тілінің қазіргі терминдік жүйесіне қатысты. Мемлекеттік қызметші қазақ тілін мемлекеттік басқару тілі дәрежесінде қолдана алатын-

дай болуы үшін ол қоғамдық-саяси лексиканы, өзінің тікелей кәсібі мен мамандығына қатысты терминдер мен терминдік орамдарды коммуникативті актіде сауатты пайдалана алатындей болуы тиіс. Дегенмен терминдік жүйе бойынша білік-дағдыны қалыптастыруда да әдіс-тәсілдердің әрқалай болып жүргендігі бар. Әдетте, үйретілетін терминдер оку мәтінінің көлемінде алынады. Алайда бұл жоғары деңгейдегілер үшін жеткіліксіз. Бұл тұста да ұсынарымыз – оқытуышылар үшін қазақ әдеби тілі терминологиясының жайкүйін талдап, зерделеуге бағытталған тағы бір семинар түрін ұйымдастыруды ойластырған абзсал. Тіпті оны жоғарыда аталған «Ресми іс қағаздары курсы» бойынша семинар-тренингпен де ұштастыруға болар. Накты айтқанда, мемлекеттік қызметшілерге қазақ тілін Елбасы қойып отырған талаптарға сай үйрету үшін оқытуыш-әдістемешілердің өздері ресми құжаттар мен қазақ тілі терминдеріне қатысты өз білетіндерін жинақтап, жүйеге түсіріп алу мүддесінде осы салалар бойынша теоретик және практик мамандардың тағымдамасынан өтсе, құба-құп болар еді. Сонда ғана оқытуыш-әдістемеші қазақ терминографиясы мен әдеби тілдің қазіргі нормаларынан барынша хабардар болып, тіл динамикасындағы жаналықтар мен өзгерістерді шашпаң, саналы түрде сезініп, үйренушіге иланымды, сауатты түрде түсіндіре алатындей болады. Үйренушінің қазақ тілін ресми-ісқери қарым-қатынаста игере алатындей болуы уақыттың қойып отырған талабы. Ал терминдерге қатысты үйренушілер тара-пынан сұраптар берілген кезде оқытуышының дағдарып қалатын тұстары аз емес. Оқытуышының өзі қазіргі кезде бірге-бөлек жазылуы тұрақтала қоймаған күрделі сөздер, терминдер қатарындағы жарыспалылық, сондай-ақ жаңа қолданыстар және олардың сипаттары мен айырым-белгілері, неліктен осылай болып отырғандығы турасында сергектікпен танып-біліп, үйренушілеріне ғылыми-практикалық тұрғыдан таратып айта білгені жөн. Мәселен, тілді оқыту барысында екітілді терминологиялық сөздіктер кеңінен пайдаланылады. Лексикографиялық енбектерде, тіпті Мемтерминком бекіткен терминдер қатарында оқытуышының біліктілігін талап ететін тұстар бар. Біз өз тарапымыздан Мемтерминком

екіткен терминдер тізбесін, теориялық және қолданбалы механика, заңтану, іс жүргізу, архив салалары бойынша екітілді сөздіктерді, сондай-ағ бірқатар заңнамалық құжаттарды (ПУАЖ) қарағанда шыққанымызда, оқытушы-әдістемеші өзі біліп алуға қажет болатын, басқаша айтқанда, неліктен бірге жазылған; орыс тіліндегі терминнің бір баламасы үшін неліктен бірнеше вариант берілген; қазақша термин үшін сирек қолданылатын сөздер не себепті алынған; оның мағынасы қандай; осы аталғандардың қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс деген сұрақтарға ғылыми негізделген жауапты керек етегін фактілер ұшырасты. Мысалдар келтірелік:

- бірге жазылған (кейбір сөздіктер мен ресми құжаттарда, газет тілінде бөлек таңбаланған) сөздер: қолжазу – почерк, баянжазба – до-кладная записка, кепілзат – заклад, біркіндікті (бірақ: ортақ кіндікті – бөлек), әсеретуші – равнодействующая (газет материалдарында бөлек жазылады), үшжақ – трехграннык, әуеайлақ – аэродром, жеменшік (әртүрлі жазылады), үлеспайда – дивиденд, қолсұқпаушылық – не-вмешательство, әділсot akti – акт – правосудия, телнұсқа –дубликат, демеуқаржы – до-тация, сушаруашылығы – водное хозяйство, жерүсті – надземный, қаракұмық – гречка, қолжетімді – оступный, қолхат – расписка, көпарналы – многоканальный, өтпежол – тро-туар, жалпықалалық – қалаішілік, көбейінді – многопрофильный, жолсілтегіш – путеводи-тель, бумаشاқ – помпоны, даражіп – моно-ниті, төсемтас – брускатка, көмкерметас – бор-дюрные камни, құжаттіккіш – скоросшиватель, жәрдемақы, қолдаухат, дереккор, кезкелген, деркезінде.

- Бірнеше балама ұсынылған сөздер:

Дубликат – телнұсқа/көшірме; доскональ-но – ізерлеу/тәптіштеу; аргумент – дәлел/үәж; мгновенный – лездік/сәттік; пресс – қыспак/қыспактама; точка следящая – ілеспе нұктес/ілеспеуші нұктес; якорь – зәкір/жәкір; профиль – пішім/бейне; критерий – нағыз белгі/меже; квитэссенция – сөз түйіні/тоқетері.

- Сирек қолданылатын сөздер қорынан алышып, термин ретінде ұсынылған сөздер:

Жүйенің сірлігі – живучесть системы; мүкіммал – инвентарь; қожмақта – шлаковата; қорғасын жосасы – сурик свинцовый; қылауық

– напильник; жол аунақтары – дорожные кат-ки; мойынтырек – подшипник; аңқа – нут (өс.), мақсары – сафлор(өс.), қоңсы нұктес – пери-гей, ізерлеу – досконально, дәлелдемелердің рауалылығы – допустимость доказательств, үшкіл – конус, көтергіш шығыран – кран.

Барлық сөздік қоры қазіргі БАҚ тіліне бейімделіп, «газет тілімен» сөйлейтін қазіргі заман адамына әсіресе сирек қолданыстағы сөздердің мағынасын синонимдерімен түсіндіруге, жарыспалы қатарлардың қай нұсқасының терминдік ұғымға мағыналық сәйкестігін қарапайым тілмен анықтап беруге, күрделі сөздердің әрқылы орфографиясының дұрыс-бұрыстығын дәлелдеуге тура келеді; осыған байланысты оқытушылар үшін «Қазақ терминологиясының қазіргі жай-күйі және оны қазақ тілін мемлекеттік қызметшілерге үйрету» тақырыбы бойынша да оқытушылардың арнаулы курсар мен семинарлардан өтуі қажет. Бұндай форманың үйімдастыру жақтарын (сағатын, мерзімін) құзыретті органдар тарапынан ойластыруға тура келер. Баса айттарымыз – қазақ тілін екінші тіл ретінде үйренушілер тілді «турист тілі», яғни Көшеде, Поштада, Әуежайда, Шаштаразда, Дүкенде типтес тақырыптардың айналасында емес, ресми қарым-қатынаста жұмсай алатындей болып білуге сұраныс беріп отыр. Демек, сұранысқа сай болу үшін оқытушының да білім-дағдысы биік деңгейде болғаны дұрыс. Оқытушы-әдістемеші қазақ әдеби тілінің қазіргілігіне (современность сязыка), әдеби тілдің динамикасы мен статистикасына тән ерекшеліктерді, басты сипаттарды, олардың объективті заңдылықтарын білуге міндетті.

Мемлекеттік құжаттарда мемлекеттік тілді оқыту әдістемесіне инновациялық технологияларды енгізуге, яғни компьютерді пайдалану арқылы оқытуға, алыстан басқару арқылы оқытуға, сондай-ақ аудио-, бейнене-материалдар жинақталған талдамаларды игеруге арналған нақты ұсыныстар мен талаптар айтылады. Қазіргі кезде жиырмада жуық компьютерлік бағдарлама бар, дей тұрсақ та олардың көшілігінің әдістемелік құрылымы мен мазмұны бірсарынды, оку процесінде үйренушінің біліміне бәләм косарлық ықпалы төмен; оларда үйренушінің үәждемесін, қызығушылығын арттыратындей

көркемдік пен эмоция, шығармашылық ізденіс көрінбейді, барлығы да дерлік мәтін мен оның айналасындағы жаттығулардан тұрады. Сабактарда үйренушінің әлеуметтік құзыретін қалыптастыруға, лингвоелтанымдық өірісін кеңейтуге, отансуйгіштік сезімін арттыруға бейнематериалдардың рөлі аса жоғары. Алайда қазақ тілін оқытуға тікелей бағытталған бейнематериалдар жиынтығы жоқ. Бұнда да әр оқытушының өзі жинап алған оқу-әдістемелік базасы бар. Бұдан оншақты жыл бұрын авторлар ұжымы «Далағағы құғын» фильмі бойынша бейнеокулық дайындал шығарған еді. Тәжірибелі көрсетіп отырғанындей, бейнематериалдарың үйренушінің дайындықсыз сөзді (спонтанная речь) түсінуін белсенді етуде мүмкіндігі зор. (Тіпті шетелдік серайлардың қазақшаланған нұсқасы да тілді үйренуге тиімді ықпал етеді, өйткені бұndай фильмдерде тым қарапайым сөздер пайдаланылады, олар бірнеше рет қайталанады). Бейнематериалдар, кәсіби актерлер мен дикторлардың дауысы арқылы үйренуші сонымен катар табиғи дауыс ырғағын, орфоэпиялық нормаларды да бақылай алады, сөйтіп бірте-бірте тілді білу дағдысы жоғарылай түседі. Сөз жоқ, қазақ тілін оқыту үшін уақыт көлемі, тақырыбы нақтыланған арнайы бейнематериалдарды әзірлеу басқа мекемелерге өтінім жасап, қаражат шығаруға барып тіреледі. Осы мәселе онды шешілген жағдайда бейнематериалдарды түрлендіруге болады: Қазақстан жерінің табиғаты, байлығы, мәдениеті мен өнері, негізгі қалалары, көрікті орындары, ұлы тұлғалардың өмірі, қызықты оқиғалар берілетін бейнематериалдар тілді үйретумен қоса үйренушіні отансуйгіштік сезімге тәрбиелу жолында да оқытушыға үлкен көмек болады, оқытуудың әдіс-тәсілдерін байытады. Тәжірибеде теледардан фильмдерді, басқа да материалдарды жазып алып, сабак үдерісінде пайдалану дәстүрі бар, бірақ олар құрылымы мен мазмұны, сапасы, уақыты жағынан нағыз оқу құралы емес. Сондықтан қазақ тілін өзгетілді аудиторияларда

оқыту ісін жандандыратын бейнематериалдар корын жасауды да жоспарға алған лазып. Қазақ тілін оқытуға арналған аудиоматериалдардың да жаңа типті, жетілдірілген үлгілерін жасауға болады. Әзірge қолданылып жүргені – бұдан бес-алты жыл бұрын дайындалған, негізінен оқулыққа қосымша, оқулықтың мазмұнын баяндап беретін аудиоматериалдар.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халықтары ассамблеясының кезекті сессиясында сөйлеген сөзінде «... мемлекеттік тілді білмейінше, мемлекеттік органдарда, қызмет көрсету саласында, құқық корғау органдарында немесе сот саласында жұмыс істеу мүмкін болмайды» деп ашық айтты. Дәл осы талап оқытушылар мен әдістемешілердің өз ізденістерін байырғыдан қолданып келе жатқан әдіс-тәсілдерді сараптап, жаңғыртуға, істі одан әрі барынша жеделдептүшін онтайлы бағыттарға қарай бет бұрганын қажет етеді.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Әрқашан бірге, әрдайым алда болайык. – Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халықтары ассамблеясының XII сессиясында сөйлеген сөзі. – «Егемен Қазақстан» газеті, 25 қазан, 2006 жыл.
2. Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Терминологиялық жинак. – Терминологический сборник. – Алматы, Сөздік-Словарь, 2002, 59-96 беттер.
3. Телебаев Г.Т., Шайкенова А.Т. и др. Казахстанская культура сегодня: ценности, потребности, институты. – Астана, Елорда, 2002, 112-б.
4. Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілер жинағы. – 2006, № 11-20.
5. Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік. 30 томдық. – алматы, Рауан, 2000.